



Source: <https://www.anpz.kz/>



АМӨЗ жаңғырту Жобасы, Атырау облысы, Қазақстан Республикасы

Техникалық емес түйіндеме

03 маусым 2021 жыл

Құжат туралы ақпарат	
Тақырыбы	АМӨЗ жаңғырту Жобасы, Атырау облысы, Қазақстан Республикасы
Тақырыпша	Техникалық емес түйіндеме
Күні	03 маусым 2021 жыл
Редакциясы	1.0
Клиент	ЕҚДБ

03 маусым 2021 жыл

АМӨЗ жаңғырту Жобасы, Атырау облысы, Қазақстан Республикасы

Техникалық емес түйіндеме

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2. ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2.1 Жобаның орналасуы.....	Ошибка! Закладка не определена.
2.2 Жобаның құрамы	Ошибка! Закладка не определена.
2.3 Жобаның уақытша объектілері	Ошибка! Закладка не определена.
2.4 Әлеуметтік аспектілерді ескеру	Ошибка! Закладка не определена.
2.5 Жобаны іске асыру кестесі	Ошибка! Закладка не определена.
3. ЖОБАНЫҢ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА ӨСЕРІ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
3.1 Атмосфералық ауа сапасына әсері	Ошибка! Закладка не определена.
3.2 Шу және діріл әсері	Ошибка! Закладка не определена.
3.3 Парниктік газдар шығарындылары және климаттық өзгерістер	Ошибка! Закладка не определена.
3.4 Ресурстарды пайдалану тиімділігі	Ошибка! Закладка не определена.
3.5 Топыраққа әсері	Ошибка! Закладка не определена.
3.6 Биоалуантүрлілікке әсер ету	9
3.7 Қалдықтармен жұмыс істеу	Ошибка! Закладка не определена.
3.8 Кумулятивтік әсерлер	10
3.9 Мәдени мұраға әсері.....	Ошибка! Закладка не определена.
3.10 Әлеуметтік-экономикалық әсерлер	10
4. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ.....	11

Суреттер тізімі

1-сурет: Жобаның орналасуы	6
2-сурет: Жобаның жақын тұрған төңірек	6

Қолданылатын қысқартулар

Термин	Описание
АМӨЗ	Атырау мұнай өңдеу зауыты
БТҚ	Биологиялық тазарту құрылыстары
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕО ЕОҚТ	Еуропалық Одақта қабылданған ең озық қолжетімді технологиялар тізбесі
МТҚ	Механикалық тазарту құрылыстары
ҚОӘБ	Қоршаған ортаға әсерді бағалау
АСТҚ	Ағынды суларды тазарту құрылыстары
МТӨІЖ	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары
ЭӨІЖ	Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспары
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЭӘБЖ	Экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесі
ЕҚДБ ТР	ЕҚДБ-нің Жобаларды іске асыруға қоятын талаптары

1. КІРІСПЕ

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес ұйымы болып табылады және шикі мұнайды өңдеу бойынша Жобалық қуаты жылына 5,5 млн тонна болатын Қазақстан Республикасындағы ірі мұнай өңдеу кәсіпорны. АМӨЗ мұнай өнімдерінің 35 түрін шығарады. АМӨЗ 1945 жылы салынып, пайдалануға берілді. АМӨЗ өңдеу шикізаты Қазақстан Республикасының (ҚР) батыс өңірлерінде орналасқан Маңғыстау кен орындарының жоғары парафинді мұнайы болып табылады. Бастапқы мұнай өңдеу қуаты жылына 800 мың тоннаны құрды.

1969-1971 жж. - жаңғыртудың бірінші кезеңі.

1969 жылдың тамызында мұнайды атмосфералық өңдеу және ЭЛТҚ-АВТ-3 мазутты вакуумдық айдау технологиялық қондырғысы іске қосылды.

1971 жылы желтоқсанда дебутанизацияланған бензиннің, құрамында сутегі бар газдың және құрғақ газдың жоғары октанды компонентін алуға арналған ЛГ-35-11/300-95 каталитикалық риформинг қондырғысы пайдалануға берілді. Шикізат бойынша қондырғының өнімділігі - жылына 300 мың тонна.

1980-1989 жж. - жаңғыртудың екінші кезеңі.

1980 жылы зауытта Қазақстанда алғашқы баяу кокстеу қондырғысы (БКҚ) салынды. Шикізат бойынша Жобалық жылдық өнімділік 600 мың тоннаны құрады. Баяу кокстеу қондырғысы жылына 120 мың тонна кокс, оның ішінде жылына 54 мың тонна электродты кокс өндіруді қамтамасыз етті.

1989 жылы алюминий өнеркәсібі үшін шикізат болып табылатын қыздырылған кокс өндіру үшін мұнай коксын қыздыру қондырғысы (МКҚҚ) іске қосылды. МКҚҚ-ның бастапқы Жобалық өнімділігі жылына 140 мың тонна шикі коксты құрады.

1992 жылы Атырау МӨЗ алғаш рет құрамында ақшыл фракциялары едәуір көп жаңа типті мұнай - Теңіз мұнайын сынамалы өңдеуді жүзеге асырды.

2002-2006 жж. - жаңғыртудың үшінші кезеңі

«Атырау МӨЗ-ін қайта құру» Жобасын «КазНИПИЭнергопром» ЖАҚ (Алматы қ.), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Caspian Engineering & Research» ҰК» Қазақстан мұнай және газ институты (Ақтау қ.), «РНИЦБХП» ЕМК Шымкент орталығы (Шымкент қ.), Энергия институты (Алматы қ.) қазақстандық Жобалау институттарын тарта отырып, «Marubeni Корпорэйшн» (Жапония) компаниясы мен «JGC Корпорэйшн» (Жапония) фирмасы әзірледі.

2012-2016 жж. - жаңғыртудың төртінші кезеңі Хош иісті көмірсутектер өндіру кешенінің және Мұнайды терең өңдеу кешенінің құрылысы.

Кәсіпорын өзіне тиесілі ағынды суларды тазарту құрылыстарын жаңғыртуды және жұмыс істеп тұрған жеткізу арнасының учаскелері мен булану алқаптарын қалпына келтіруді («Тазалық» Жобасы) жүзеге асыруға ниетті. Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) осы Жобаны іске асыру үшін АМӨЗ қаржыландыруды бөлу мүмкіндігін қарастыруда. Осыған байланысты, Жоба ЕҚДБ-ның 2014 жылғы Экологиялық және әлеуметтік саясатына, оның ішінде Жобаларды іске асыруға қойылатын экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ЕҚДБ ТР) сәйкес келуі тиіс.

2. ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2.1 Жобаның орналасуы

Жоба Қазақстан Республикасы Атырау облысы Атырау қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі өнеркәсіптік аймақ аумағында орналасқан. Жобаның орналасуы көрсетілген карта төмендегі 2-1 суретте көрсетілген. Жоба кәсіпорынның солтүстік-шығысында орналасқан қалалық ағынды суларды тазарту құрылыстарымен қосылатын болады.


Қаланың ең жақын тұрғын аймағы АМӨЗ шекарасынан батысқа қарай 450 м және солтүстік-батысқа қарай 730 м жерде орналасқан. Қоныстану аумақтарына қатысты Жобаның орналасуы көрсетілген Карта төмендегі 2-2-суретте көрсетілген.

2-1-сурет Жобаның орналасуы



Дереккөз: Encyclopaedia Britannica, Inc.

2-2-сурет Жобаға жақын төңірек



Дереккөз: Google Earth.

2.2 Жобаның құрамы

Жобаның құрамында үш кезең қарастырылған:

1. Ағынды сулардың механикалық тазарту құрылыстарын (МТҚ) жаңғырту;
2. Ағынды сулардың биологиялық тазарту құрылыстарын (БТҚ) жаңғырту. МТҚ кіші Жобасын іске асыру қорытындылары бойынша ағынды сулардың сапасына талдау жүргізілетін болады және талдау негізінде БТҚ кіші Жобасын Жобалау және салу жөніндегі жұмысты іске асыру қажеттілігі бойынша шешімдер қабылданатын болады.
3. Жұмыс істеп тұрған ашық бұру арнасының орнына зауыттың ағынды суларын муниципалдық ағынды суларды тазарту құрылыстарына беру үшін ауданы 860 га булану алқаптарын қалпына келтіру және ұзындығы 3,5 км жаңа құбыр салу.

Жобалық шешімдерге сәйкес кәсіпорында түзілетін ағынды сулар жаңа механикалық, содан кейін қолданыстағы биологиялық тазарту құрылыстарында екі кезеңдік тазартудан өтеді. Тазартылған ағындардың бір бөлігі зауытта қайта пайдалану үшін дереу қайтарылады, ал қалған ағынды сулар жаңа құбыржолы арқылы қазіргі уақытта салынып жатқан муниципалды тазарту құрылыстарына жіберіледі. Механикалық тазарту құрылыстарын жаңғырту жөніндегі кіші Жоба жүзеге асырылғаннан кейін қалалық тазарту құрылыстарына түсетін ағынды сулардың жалпы көлемінің шамамен 15%-ын қайта пайдаланылатын су ретінде АМӨЗ өндірістік процесіне қайтару жоспарлануда.

2.3 Жобаның уақытша объектілері

Барлық құрылыс жұмыстары Жобаны іске асыруға бөлінген жерлерде жүргізілетін болады.

2.4 Әлеуметтік аспектілерді есепке алу

Жоба объектілері Атырау МӨЗ-нің қазіргі аумағы шегінде орналасатын болады. Осылайша, Жаңа объектілерді салу үшін қосымша алаңдарды алу талап етілмейді.

Жабық бұру арнасының құрылысы шеңберінде (Жобаның үшінші кезеңі) инженерлік желілерді төсеу үшін уақытша (27.02.2023 жылға дейін) ауданы 3 және 4,3 га екі жер учаскесі алынады. Жер учаскелерін уақытша алуға (жалға алуға) шарттар жасалып қойған. Ұсынылған құжаттамаға сәйкес, бұл учаскелер елді мекендердің өнеркәсіптік пайдалануға арналған жерлер санатына жатады.

2.5 Жобаны іске асыру кестесі

Жобаны үш кезеңде жүзеге асыру жоспарлануда. Жұмысты орындаудың алдын-ала кестесі келесідей:

1. МТҚ жаңғырту: 2019 ж. - 2022 жылғы 4-тоқсан;
2. БТҚ жаңғырту: МТҚ кіші Жобасын іске асыру қорытындылары бойынша;
3. Булану алқаптарын қалпына келтіру: 2019 ж. - 2023 ж. 4-тоқсан

"Атырау МӨЗ-де механикалық тазарту ағынды су қондырғысын қайта құру" жобасы бойынша "Мемсараптама" РМҚ-ның 02.04.2020 ж. №01-0171/20 (техникалық бөлім) және 25.08.2020 ж. №01-0402/20 (сметалық құжаттама) оң қорытындысы алынды.

11.10.2021 ж. Атырау облысы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы мемлекеттік мекемесінен құрылыс – монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы Kz07rea00246832 талоны алынды

10.09.2021 ж. құрылыс-монтаждау жұмыстарына консорциуммен келісімшарт жасалды. Консорциум құрамы: "НефтеСтройСервис" ЖШС және "Центр-Котло-Сервис" ЖШС.

23.07.2021 ж. "Мемсараптама" РМК-ның №01-0400/21 "Нормативтік-тазартылған ағындар арнасын қайта жаңарту және "Атырау МӨЗ" ЖШС-нің булану алаңдарын қалпына келтіру" жұмыс жобасы бойынша оң қорытындысы алынды.

08.11.2021 ж. Атырау облысы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы мемлекеттік мекемесінен құрылыс – монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы Kz60rea00251698 талоны алынды.

28.10.2021 ж. "НефтеСтройСервис" ЖШС-мен құрылыс-монтаждау жұмыстарына келісімшарт жасалды

3. ЖОБАНЫҢ ҚОРШАҒАН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА ӘСЕРІ

Келесі бөлімдерде Жобаның қоршаған және әлеуметтік ортаға негізгі әсерінің сипаттамасы келтіріледі.

Жобаны іске асырумен байланысты әсерлер Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын (ЭӨІЖ) орындау арқылы бәсеңдетіледі және басқарылады, бұл бөлек Жобаның да, АМӨЗ-дің барлық қызметінің де ЕҚДБ Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарына (ЕҚДБ ТР) сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай сәйкестікті қамтамасыз ету ЕҚДБ қаржыландыруын алу үшін міндетті шарт болып табылады.

ЭӨІЖ бірқатар іс-шараларды қамтиды, олардың ішінде мыналар қарастырылған:

- ЕҚДБ ТР және тиісті халықаралық тәжірибелерге сәйкес Жоба шеңберінде арнайы экологиялық және әлеуметтік бағалау мен зерттеулер жүргізу;
- Жоба үшін экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесін (ЭӨБЖ) құру, ол АМӨЗ-де қолданыстағы менеджмент (басқару) жүйесіне негізделетін және қажетті саясаттармен, бағдарламалармен және басқару жоспарларымен толықтырылатын болады;
- Экологиялық және әлеуметтік басқарудың бірқатар тар бағыттағы жоспарларын әзірлеу және іске асыру;
- Жобалық шешімдерді әзірлеу кезінде Еуропалық Одақта қабылданған ең жақсы қолжетімді технологияларды (ЕО ЕОҚТ) қолдану.

3.1 Атмосфералық ауа сапасына әсері

АМӨЗ-ге ең жақын Атырау қаласының тұрғын аймағы батысқа қарай шамамен 450 м және солтүстік-батысқа қарай 730 м жерде орналасқан. Жоба объектілері ең жақын қоныстану аумағынан 1000 м-ден астам қашықтықта орналасқан. Жобалау құжаттамасын әзірлеу аясында жүргізілген ластаушы заттардың атмосферада шашырауын модельдеу нәтижелеріне сәйкес, Жоба объектілерін салу және пайдалану, сондай-ақ булану алқаптарын қалпына келтіру жұмыстары жақын орналасқан тұрғын үй құрылысы аумағындағы атмосфералық ауа сапасының санитарлық нормативтерінен асып кетуге әкелмейді. Жобалау құжаттамасында сондай-ақ атмосфералық ауаның сапасына әсер етуді барынша азайту жөніндегі бірқатар іс-шаралар көзделген.

3.2 Шу және діріл әсері

Негізгі шу мен діріл әсері Жобаның құрылыс кезеңінде күтіледі және құрылыс техникасы мен жабдықтарын пайдалануға, сондай-ақ құрылыс материалдарын тасымалдауға байланысты болады. Алайда, Жобаның қоныстану аумағынан 1 км-ден астам қашықтықта екендігін назарға ала отырып, бұл әсер елеулі болмайды деп күтілуде. Жобалау құжаттамасында да жабдықтың жұмысынан болатын шудың әсерін барынша азайту жөніндегі бірқатар іс-шаралар көзделген.

Пайдалану кезеңінде шу мен дірілдің айтарлықтай деңгейі күтілмейді. Осылайша, тұрғын аудандар аумағында рұқсат етілген шу жүктемесінің артуы күтілмейді.

3.3 Парниктік газдар шығарындылары және климаттық өзгерістер

Жоба климаттың өзгеруі бөлігінде оң әсер етеді, өйткені оны іске асыру парниктік газдар шығарындыларын орта есеппен CO₂- жылдық баламасын 10 600 тоннаға қысқартуға әкеледі.

3.4 Ресурстарды пайдалану тиімділігі

Жобаны іске асыру кәсіпорынның су ресурстарын қолданыстағы тұтыну деңгейінің артуына алып келмейді, тіпті суды тазартқаннан кейін оны қайта пайдалану арқасында Жайық өзенінен су алуды қысқартуға мүмкіндік береді.

3.5 Топыраққа әсері

АМӨЗ ағынды суларын тазарту құрылыстарын салуға арналған жерлер тарихи түрде өнеркәсіптік мақсатта пайдаланылған қайта құрылған аумақ болып табылады.

Жер асты қабаттарына және топырақ жамылғысына негізгі әсер құрылыс кезеңінде байқалатын болады. Бұл әсер құрылыс техникасын пайдалануға, автокөлік құралдарының қозғалысына және осы операциялардан туындаған топырақтың тығыздалуына, топырақтың шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулармен және тұрмыстық қалдықтармен ластануына байланысты болады.

Жобалау құжаттамасында құрылыс кезеңінде ластануды болдырмау жөніндегі бірқатар шаралар, оның ішінде құрылыс жұмыстарын қатаң осы үшін бөлінген учаскелер шегінде жүргізу, қолданыстағы кірме жолдар бойынша құрылыс техникасының қозғалысы, ЖЖМ ағып кеткен құрылыс техникасын пайдалануға тыйым салу, қалдықтар мен шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды тұрақты әкету көзделеді.

3.6 Биоалуантүрлілікке әсер ету

Жобаны іске асыру аумағы тарихи және ағымдағы өнеркәсіптік қызмет себебінен қайта құрылған болып табылады және осы аумақта өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің табиғи құндылығын ұстап тұру мүмкін емес. Осылайша, Жоба объектілерінің құрылыс аумағын осы аумақтың шегінде немесе жақын жерде флора мен фаунаның жойылып бара жатқан / эндемикалық түрлерінің болу ықтималдығы төмен сындарлы емес мекен ортасы ретінде сипаттауға болады. Бұл ретте, қалпына келтіруге жататын қолданыстағы булану алқаптарының аумағы қазіргі уақытта құстар мен ұсақ сүтқоректілер үшін тіршілік ету және ұялау орны ретінде қызмет ететін қамыспен тығыз жабылған.

Жобаның үшінші кезеңі (булану алқаптарын қалпына келтіру) шеңберінде Компания Жобаны іске асыруға байланысты биоалуантүрліліктің бастапқы жай-күйін және оған әсерді бағалауды жүргізеді, одан кейін флора мен фаунаның қазіргі түрлеріне осы әсерді бәсеңдету, азайту жөніндегі шаралар, сондай-ақ оларды қорғау жөніндегі шаралар әзірленетін және енгізілетін болады.

3.7 Қалдықтармен жұмыс істеу

Құрылыс кезеңінде барлық пайда болған қалдықтар қауіптілігі аз немесе қауіпсіз класқа жатады және мамандандырылған ұйымдармен кәдеге жаратылатын болады. Құрылыс алаңдарында

қалдықтарды кәсіпорын аумағынан шығарғанға дейін оларды уақытша орналастыру үшін арнайы учаскелер ұйымдастырылатын болады.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау АМӨЗ-де түзілетін қалдықтардың түрлері және осы қалдықтармен жұмыс істеудің қабылданған тәртібі туралы ақпаратты қамтиды. Қалдықтармен жұмыс істеудің осы тәртібі мен қолданыстағы практикасы Жоба объектілеріне қатысты болады.

3.8 Кумулятивтік әсерлер

Жобаны іске асырумен байланысты кумулятивтік әсерлер муниципалды тазарту құрылыстарының әсерімен бірге атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларының жоғарылауына және шу жүктемесінің артуына, сондай-ақ жалпы ауданы 2080 га болатын жаңа қалалық булану алқаптарының пайдалануға берілуіне байланысты жерді алуға және топырақ пен жер асты суларының ластануына әкелуі мүмкін. Компания кумулятивтік әсерді бағалауды жүргізеді, оның нәтижелері бойынша тиісті бәсеңдету іс-шаралары әзірленетін және іске асырылатын болады.

860 га жерді алып жатқан қолданыстағы булану алқаптарын қалпына келтіру топырақ пен жер асты суларының ластануымен және жаңа қалалық булану алқаптары мен ағынды суларды биологиялық тазарту тоғандарын салу үшін қосымша жерлердің алынуымен байланысты күтілетін кумулятивтік әсер ету деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

3.9 Мәдени мұраға әсері

Жоба Атырау МӨЗ-нің қазіргі аумағының шекарасында орналасқан. Жоба алаңында мәдени мұра объектілері немесе аса құнды археологиялық ескерткіштер жоқ, өйткені бұл аумақ 75 жылдан астам уақыт бойы өнеркәсіптік мақсаттарда пайдаланылған.

3.10 Әлеуметтік-экономикалық әсерлер

Жобаны іске асыру айтарлықтай ұзақ мерзімді қолайсыз әлеуметтік әсерлерге әкелуі ықтималдығы төмен деп бағаланады. Жобаны іске асыруға байланысты әлеуетті әлеуметтік-экономикалық әсерлер мыналарды қамтиды:

- Құрылыс кезеңінде автокөлік қозғалысымен байланысты жергілікті халықтың денсаулығына әсер ету; атмосфералық ауа сапасының нашарлауы; шу және діріл жүктемесінің жоғарылауы. Осы әсер етулер және оларды бәсеңдету бойынша көзделген шаралар жоғарыда 3.1-3.4-бөлімдерде сипатталған;
- Құрылыс қызметкерлерінің қатысуымен байланысты әсер ету. Жобалық құжаттамаға сәйкес құрылыс кезеңіндегі құрылыс қызметкерлерінің жалпы саны (яғни оның бірінші және үшінші кезеңдерінде) 134 адамды құрайды. Құрылысқа сонымен қатар жергілікті халық арасынан саны басқа өңірлердің персоналынан шамалы дәрежеде асып түсетін қызметкерлерді тарту жоспарланғанын назарға ала отырып, жергілікті халық пен әлеуметтік сала объектілеріне әсер ету күтілмейді.

Осы ықтимал әсерлерді бәсеңдету жөніндегі шаралар Әлеуметтік және экологиялық іс-шаралар жоспарына енгізілген.

Бұл ретте Жобаны іске асыру бірқатар әлеуметтік-экономикалық пайдаға, оның ішінде келесіге алып келеді:

- Булану алқаптарына ағынды суларды төгуді тоқтату;
- Ағынды суларды тазартудың ең жақсы әдістерін қолдануға және жаңа қалалық тазарту құрылыстарын іске қосуға байланысты Атырау қаласының қоршаған ортасының жай-күйін және оның тұрғындарының денсаулығын жақсарту;
- Атырау қаласында ағынды суларды басқару жөніндегі ұлттық стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу;

- Жергілікті заңнама талаптарын және Қазақстан Республикасы Президентінің «Тұхля балка» булану алқабын қалпына келтіру туралы 04.06.2019 ж. № 219-01-7. 22 бұйрығын орындау;
- Ағынды суларды тазарту құрылыстарын салу және пайдалану кезеңдерінде жергілікті тұрғындар үшін жұмысқа орналастырудың қосымша мүмкіндіктерін құру.

4. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

АМӨЗ жұртшылықты Жоба мәртебесі туралы жаңалықтар сайттары және «АМӨЗ» ЖШС интернет ресурстары арқылы мерзімді хабардар етіп отырады, сондай-ақ ғылыми-техникалық конференциялар шеңберінде қоғамдық ұйымдармен және БАҚ өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізіп отырады. Соңғы конференциялар 2019 жылғы 17 мамыр мен 4 қарашада өтті және онда «Тазалық» Жобасына байланысты жалпы мәселелер талқыланды.

2020 жылғы 5 қарашада булану алқаптарын қалпына келтіру кезінде (Жобаның үшінші кезеңі) қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалауды талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өтті. Тыңдауға АМӨЗ, Жобалау ұйымы, билік органдары, жергілікті бизнес, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жоба үшін Жобаның барлық кезеңдерінде АМӨЗ күшімен іске асырылатын Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі жеке жоспар (МТӨІЖ) әзірленді. МТӨІЖ-да көзделген іс-шаралар Жоба туралы тиісті ақпаратты түсінікті тәсілмен ашуды, сондай-ақ қатысты қоғамдастықтарда алаңдаушылық тудыратын мәселелерді есепке алуды, осы мәселелерді қарауды және шешуді қамтиды. Жоспарда сондай-ақ АМӨЗ-де Жобаны іске асыруға байланысты шағымдар мен өтініштерді қабылдау және қарау механизмін құру және оның жұмыс істеуі қарастырылады. Бұл механизм сыртқы мүдделі тараптарға, әсіресе жергілікті халыққа Жобаға байланысты шағымдар, өтініштер беруге және олардың шешілуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- АМӨЗ жедел желі телефоны: 8 800 080 30 30; 8 702 075 30 30
- Байланыс тұлғасы: АМӨЗ-дің жергілікті халықпен жұмыс жөніндегі уәкілетті өкілі
- «АМӨЗ» ЖШС мекенжайы: 060001, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1 үй.
- Тел.: +7 (7122) 259 667
- Электрондық пошта мекенжайы: ref@anpz.kz
- Шағымдар мен өтініштерді беру сайты: https://www.anpz.kz/blog/written_requests/